

## Ұлан ауданының елді мекендерінде салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенттерін бекіту туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 24 қарашадағы № 378 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 2 желтоқсанда № 7907 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 529-бабының 6-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы "Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесін бекіту туралы" № 475 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17847 болып тіркелген) сәйкес, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ұлан ауданының елді мекендерінде салық салу объектілерінің орналасқан жерін ескеретін аймақтарға бөлу коэффициенттері 2021 жылға бекітілсін.

2. "Ұлан ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулының Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін ресми жариялауға Ұлан ауданы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына жіберуді.

3) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Ұлан ауданы әкімінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ұлан ауданы әкімінің орынбасары Д. Жөргекбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ұлан ауданының әкімі*

*Н. Сақтағанов*

**К Е Л І С І Л Д І :**

"Азаматтарға

арналған

үкімет"

коммерциялық емес КАҚ  
 ШҚО бойынша филиалының  
 тіркеу және жер кадастры  
 бойынша Ұлан ауданының  
 бөлімі А. Ж. Қондыбаева  
 "\_\_\_" \_\_\_\_\_ 2020 жыл

Ұлан аудандық әкімдігінің  
 2020 жылғы 24 қарашасы  
 № 378 қаулысына қосымша

## Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жерін ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті

Реттік №	Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	2	3
1	Сағыр ауылы	1,70
2	Бестерек ауылы	1,50
3	Желдіөзек ауылы (Горняк)	1,35
4	Мамай батыр ауылы (Васильевка)	1,75
5	Ново-Азовое ауылы	1,35
6	Азовое ауылы	0,85
7	Бетқұдық ауылы	0,85
8	Асубұлақ кенті	1,35
9	Белогор кенті	0,95
10	Айыртау ауылы	1,85
11	Жаңа Қанай ауылы	1,55
12	Алмасай ауылы	1,65
13	Баяш Өтепов ауылы	1,50
14	Сарыөзек ауылы (17 километр)	1,35
15	Привольное ауылы	1,45
16	Митрофановка ауылы	1,25
17	Бозанбай ауылы	1,70
18	Алғабас ауылы	1,30
19	Ұлан ауылы	1,55
20	Борсақ ауылы	0,95
21	Жанұзақ ауылы	1,40
22	Каменка ауылы	1,35
23	Тройницкое ауылы	1,15
24	Саратовка ауылы	1,50
25	Ново-Одесское ауылы	1,70
1	2	3

26	Отрадное ауылы	1,45
27	Тарғын ауылы	1,50
28	Жоғарғы Тайынты ауылы	1,30
29	Жантас ауылы	0,95
30	Ізғұтты Айтықов ауылы	1,50
31	Манат ауылы	1,10
32	Таврическое ауылы	1,60
33	Ақтөбе ауылы	0,95
34	Пролетарка ауылы	1,40
35	Гагарино ауылы	1,40
36	Герасимовка ауылы	1,75
37	Украинка ауылы	1,70
38	Казачье ауылы	1,35
39	Восточное ауылы	1,55
40	Макеевка ауылы	1,25
41	Донское ауылы	1,65
42	Мирное ауылы	1,15
43	Огневка кенті	1,0
44	Смолянка ауылы	0,85
45	Қасым Қайсенов кенті	2,10

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК